

Бәйтерек ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3-12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 6902 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Бәйтерек ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Г.Терехов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*сессия төрағасы
мәслихат хатшысы*

*Н. Хайруллин
Р. Исмагулов*

Бәйтерек ауданы мәслихатының
2021 жылғы 30 наурыздағы
№ 3-12 шешіміне қосымша

1. Бәйтерек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы №43-2 "2020-2022 жылдарға арналған Бәйтерек ауданы Зеленов ауылдық округі бюджеті туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5980 тіркелген, 2020 жылы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. Бәйтерек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 сәуірдегі №48-2 "Бәйтерек ауданы мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы №43-2 "2020-2022 жылдарға арналған Бәйтерек ауданы Зеленов ауылдық округі бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6193 тіркелген, 2020 жылы 29 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Бәйтерек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №59-3 "Бәйтерек ауданы мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы №43-2 "2020-2022 жылдарға арналған Бәйтерек ауданы Зеленов ауылдық округі бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6682 тіркелген, 2021 жылы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК